

# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ІРІ БІР ТҰЛҒАСЫ - ОРАЗ АБЫТҰЛЫ

Жалпы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері өз ізденімпаздық игі істері арқылы, кәсіби шеберліктері арқылы оқушыларға тек қана күнделікті сабақта білім берумен ғана шектелмей, апталықтар мен кештер ұйымдастыра білуі керек. Ал, апталық – мұғалімнің оқушылармен жылында бір өткізілетін сыныптан тыс шаралардың маңызды түрі. Апталық жалпы барлық дәстүрлі сыныптан тыс жұмыстардың формаларын қамти алады, сондықтан оған материалдар іріктеп алар кезде көптеген



сыныптан тыс жұмыстарға арналған әдебиеттерді, қызықты әдеби кітаптарын, әр түрлі энциклопедиялар жинағын, «Смарт Кидз» журналдарының сәйкес бөлімдерін және т.б. ғылыми-көпшілік басылымдарды қолдануға болады.

Оқушылардың қабілеттерін дамыту мен оларды пәнге қызықтырудағы қосымша мүмкіндіктер жүргізілетін сыныптан және мектептен тыс сабақтар. Жаңартылған мазмұн негізінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі бойынша мұғалім барлық оқушылармен жүргізеді. Үйірме, апталық немесе айлық, кештер, сайыс, әр түрлі жарыстар, ойындар, байқаулар, топтық жарыстар, мектеп олимпиадасы, көңілділер тапқырлар клубы, оқушылардың баяндамасы, рефераттар және эссе-шығармалар дайындау және т.с.с.

Сонымен орыс тілі мен әдебиеті апталығын өткізуге жалпы кеңес пен ұсыныстар беруге болады. Апталықтың ашылуы мен жабылуы мектеп басшылары мен құрметті қонақтардың қатысуымен салтанатты түрде өтілуі керек. Мектепте апталық өткізу туралы кең жариялануы керек, ол үшін әр өткізілген шаралардың нәтижесін хабарландырулар, қабырға баспасы арқылы, телефон арқылы хабарлау керек. Ал апталықтың жалпы нәтижесі туралы қабырға газеттерін шығару керек.

Жалпы орта мектепте және ЖОО-ның тәлімгерлік сағаттарында, яғни сыныптан тыс жұмыстарда, рухани жаңғыру аясында: туған жерге туынды тік! – ұлы даланың дара тұлғасы – «Ораз Абытұлы» жайлы шығармашылық кеш өткізудің мақсаты – Туған жерді түлеткен дара тұлғаның ерен еңбектерін жастарға үлгі-өнеге ету.

*«Ана – сая бағың болса,  
Әке – асқар тауың» дейді қазақта.  
Бір күн бар, жылатар күн, жұбатар күн.  
Бір күн бар, мұңайтар күн, қуантар күн.  
Әсіресе шаңырақ сәтті болса  
«Әке» деген сезімді ұмытар кім, - дейді*

біздің халқымыз.  
Ораз Абытұлы – 1935 жылдың 1 қаңтарында Арыс қаласында дүниеге келген. Әкесі Ділжожаев Абыт – теміржолшы, анасы – Зиана үй шаруасымен, балалардың тәрбиесімен айналысқан. Әкем ата-анасынан ерте айырылып, кейінгі Тенге анасының тәрбиесінде болған. Тағдырдың қиын да, ащы тұстарын көріп, жастайынан жетімдіктің тауқыметін тартып өскен. Бірақ өзінің өжеттігінің, қайсарлығының арқасында тағдырдың салған қиындығына мойымай, өз өмірі үшін күресе білген, өмірде шындалған жан. Арыс қаласындағы Киров атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, Түркістан қаласындағы педагогикалық училищеге түсіп, оны оқып бітіреді. Училищеде оқып жүріп, анамыз Қалдыаяқ кызы Раушанмен отбасын құрады. Анамыз Раушан 1940 жылдың 01 қаңтарында Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданы Шәуілдір совхозының Темір станциясында (қазіргі Шәмші ауылы) дүниеге келген.

Әкесі, нағаны атамыз Қалдыаяқ ұста болған анасы Сақатқамал үй шаруасымен айналысқан. Әкем училищені бітіріп, 1957 жылдың күз айында Қызылқұм ауданы (қазіргі Шардара) Сүткент совхозындағы М.Ю.Лермонтов атындағы білімді мектепке мұғалім болып қызметке орналасқан. 1958 жылы Сүткент совхозына қарасты №1 фермада орналасқан бастауыш мектепке мұғалім болып ауысқан. Осы мектепте қызмет істей жүріп, ол Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың сыртқы бөліміне оқуға түсіп, оны жақсы бітіріп шыққан. 1961 жылы Сүткент совхозына қарасты №4 «Қарәзек» фермасында орналасқан бастауыш мектебіне ауыстырылған. Бұл фермада шопандардың балаларына арналған мектептер болатын. Өзінің біліктілігімен көзге түскен маман болғандықтан, шалғай жатқан фермадағы мектептің рейтингісін көтеру мақсатымен осында жіберілген


«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі», - деп

Ыбырай Алтынсарин тектен-текке айтпаған. Менің әкем мектептегі әр баланың жүрегінен орын алатын, кәсіби маман болғандықтан, ауылдағы осындай мектептерде тынымсыз еңбек етті. «Қарәзек» фермасы құмды ауыл, бұл жерде ешқандай көкөністер өлпеген, бірақ әкеміз Ораз өте еңбекқор болғандықтан, ол мектеп айналасына ағаштар (талдар) отырғызып, яғни егіп, оны шелекпен су тасып суарып, нәтижесінде мектеп айналасы көгеріп тұрған деп сол кездегі достарының естелігінен білдік. Мұсылманшылықта: көпір салу, мешіт салу, жол салу, ағаш отырғызу сауапты істер болып есептеледі. Әкеміз де ағаш егіп, мол сауапқа кенелген. Дегенмен, осы күні сол ағаштардан бір ғана тал көгеріп тұрғанын есітіп біз сондай қуанып қалдық.

*Өтсе де қанша сағым жыл,  
Түспеді төрден бағың бір.  
Бастауыш мектеп жанында  
Өзің еккен талың тұр!  
Өзіңмен жаны егіз боп,  
Өткенге белгі негіз боп.  
Ораз ағай қайда деп,  
Тұратындай Сізді ізден!...*


Қайран күндер-ай! Әкем дүниеден қайтқан соң 40 күнді асын бергеннен кейін, өзінің еккен ағашы да құлады. Иесі өмірден кеткенін білгендей...

1970 жылдың тамыз айынан бастап Сүткент



совхозында орналасқан М.Ю.Лермонтов атындағы орта мектебіне «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып ұстаздық еңбегін жалғастырды. Күн-түн демей, уақытпен санаспай 1987 жылы өзі еңбек етіп жүрген М.Ю.Лермонтов атындағы орта мектептің

директоры қызметіне тағайындалды. 1998 жылы сол мектептен құрметті зейнеткерлікке шықты. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы», - деп халқымыз тектен-текке айтпаған. Менің әкемнің алдында білім алған шәкірттері, бүгінгі таңда бір-бір саланың тұтқасын ұстаған аза-



маттар. Сүткент елінде 41 жыл педагогтік, басшылық қызметті абыроймен атқара жүріп, отбасы тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлген. Әкемнің берген тәрбиесі барлық перзенттерінің өміріне жол сілтер шамшырақ. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау», - деп француз ойшылы Жан Жак Руссоның айтқан осы бір тамаша сөзі, менің әкеме арнап айтылғандай. Өйткені, шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару – екінші бірінің қолынан келе бермейді. Барлық өмірін осы жолға арнауың өзі оның ұлылығының айғағы деп білемін. Еңбегі ескерусіз қалмады. Көп жыл еткен тынымсыз еңбегін халқымыз, үкіметіміз бағалап, бірнеше наградамен марапаттаған. Менің ата-анам 9-кыз, 1-ұл тәрбиелеп өсірген бақытты жандар. Әкемнің алаңсыз қызмет жасауына анамның қосқан үлесі шексіз. Анам бала тәрбиесімен, үйге келген қонақтарды күтумен өзі айналысқан.

Анамыз Раушан адам жатырмамайтын ақкөңіл, тез ашуланып, тез тарқайтын дауылды мінезі бар болатын. Қонақжай, қолы ашық, дастарханды болды. Біздерді өсіріп, бағып-қағып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп жеткізді. «Жананам, ұл-қызыңның тірегі едің, тірі болсаң қасымызда жүрер едің, дегенмен де бүгін біздің жанымызда болмасаң да, айтқан сөзің, тәтті күлкің, мандолинмен ән айтқан қоңыр дауысың мәңгілік жадымызда», - деп еске аламыз. Ақылы мен пайымы бар аналар үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады ғой балаларың. Менің де анам тура солай жасайтын. Әкеміз бізге ешқашанда ауыр немесе балағаттау сияқты сөздер айтпаған. Не болса да анамыз екен айтып жатыр деп, сол кісінің атынан сөйлейтін. Өте сабырлы, мінезі ұяң, ешқашан дауыс көтеріп сөйлемеген еді. Анамның бұл өмірден озғанына да 8 жыл болыпты. Зымырап, өтіп жатқан уақыт. Әкем – асқар тауым болса, анам – саялар сая бағым болды. Ораз Абытұлы 41 немере мен 27 шөбере көрген асыл әке, әрі қамқоршы ата.

Қазіргі таңда ауылдағы жалпы орта мектептің сыныбына «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ – «ОРАЗ АБЫТҰЛЫ» есімі құрметтеп беріліп, сыныптан тыс жұмыстарда арнайы тәрбие сағаттары өткізілуде.

Гаухар АБИТОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің  
доценті, филология ғылымдарының  
кандидаты.